**Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы N 4/10 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 31 наурызда N 2950 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыс тұрғындарын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы Б. Әділханов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

Облыс мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы "Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтудың "2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" N 4/10 шешіміне қосымша

**Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтудың 2005 - 2007 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1. Паспорт**

| | |
|---|---|
| Атауы: | Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) |
| Әзірлеу үшін негіз: | Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы |
| Негізгі әзірлеуші: | Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті |
| Жүзеге асыру мерзімі: | 2005-2007 жылдар |
| Мақсаты: | Облыс тұрғындарын тиімді жұмыспен қамту, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күші сапасын арттыруды қамтамасыз ету |
| Міндеттері: | Облыс тұрғындарын тиімді жұмыспен қамтуға жәрдем беруге бағытталған еңбек нарығындағы белсенді саясатты жүргізу;<br>экономикалық өсуді ынталандыру, облыс кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмыс күшіне қажеттіліктерін қанағаттандыру, облыс тұрғындарының өмір деңгейін көтеру және жұмыссыздық пен толық емес жұмыссыздық деңгейін төмендету;<br>еңбек нарығына талдау мен болжам жасауды жүзеге асыру;<br>жұмыссыз адамдарға мамандықты таңдау және жұмысқа орналасуда жәрдем беру;<br>жастарды қайта оқыту және жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқытудың сапасын арттыру;<br>кадрларды даярлау жүйесін экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру, өндіріс ішінде оқыту жүйесін дамыту;<br>облыстың білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды жетілдіру;<br>уақытша жұмыспен қамту және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;<br>еңбек нарығының негізгі индикаторларының, сондай-ақ жұмыссыздар проблемаларын шешуге қатысты жергілікті атқару органдар жұмысына бағалаудың тұрақты мониторингісін жүргізу;<br>ішкі еңбек нарығын қорғау |
| Қаржыландыру көлемдері мен көздері: | Облыстық бюджет, қалалар мен аудандар бюджеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен тиым салынбаған басқа да қаржы көздері |
| Күтілетін нәтижелер: | Бағдарламаны жүзеге асыру:<br>24200 жаңа жұмыс орындарын енгізу;<br>22760 жұмыссызды жұмысқа, соның ішінде 3615 әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыруды ұйымдастыру;<br>экономика саласы үшін облыстық кәсіптік білім |

беру жүйесінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 6735 жұмысшы мен маман даярлау;
23890 жұмыссызға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
3720 жұмыссызды кәсіптік оқытуға, қайта даярлауға жіберу;
2007 жылдың аяғына жұмыссыздық деңгейін 6,7 % төмендету;
есебінен еңбек нарығындағы шиеленісті төмендетуге ықпал береді.

## 2. Кіріспе

Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтуда 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына , сондай-ақ "Қазақстан-2030" Стратегиясында жазылған жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндеттері, облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 24 шілдедегі (II сайланған, XX сессиясы) N 46/20 шешімімен бекітілген облыстың 2010 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарына, облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 24 қыркүйектегі (III сайланған, YII сессиясы) N 54/7 шешімімен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық орта-мерзімді жоспарына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу халықтың тиімді жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету қажеттілігіне, еңбек нарығының теңгеріміне жетуге негізделген. Бағдарлама кадрлар даярлау жүйесін экономиканың қажеттілігіне сәйкес келтіруге, жұмыс берушілердің тұрғындарды жұмыспен қамту жәрдем берудегі рөлін арттыруға, қоғамдық жұмыстардың нәтижелілігін қамтамасыз етуге, кедейшілікті төмендетуге ықпал береді.

Бағдарлама шеңберінде облыстағы еңбек нарығының негізгі проблемалары облыстың өндірістік-шаруашылық кешенінің білікті жұмыскерлер мен мамандарды қажеттілігін неғұрлым қанағаттандыратын білім беру ұйымдарында кадрлардың икемді жүйесін құру, оқу орындарының түлектері және жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруда кәсіптік бағдар жүйесін қалыптастыру, тұрғындардың жұмыспен тиімді қамту жүйесін дамыту, кедейшілік деңгейін төмендету, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау үшін жағдай туғызу қажетті кешенді іс-шараларды қабылдау қаралады.

## 3. Облыс халқының жұмыспен қамтылуының қазіргі жай-күйін талдау

Облыс тұрғындарының саны кейінгі 5 жыл ішінде 45,5 мың адамға, немесе 5,8% кеміді және 2004 жылдың басына 745,3 мың адамды құрады.

Еңбек нарығы жалпы жұмыспен қамтылған тұрғындар санының өсуімен ( 5,9%-ға) сипатталады, әсіресе өндіріс және ауыл шаруашылығы саларында. Жалдамалы жұмыскерлер саны өсті (22,1%-ға), бұл еңбек нарығындағы жұмыс

орындарының өсу, жаңа объектілерінің енгізілуі, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының қайта жандануы мен кеңеюі болып табылады. Осыған сәйкес жұмыссыздардың саны 55 мыңнан 33,9 мың адамға дейін, жұмыссыздар деңгейі - 13,4-тен 8,2 пайызға дейін азайды. Облысымыздың жекелеген аймақтарында жұмыссыздық деңгейі орташа облыстықтан жоғары: Павлодар қаласы - 10,2%, Екібастұз қаласында - 8,5%, Ақсу қаласында - 8,9%, Май ауданында - 17,4%, Ақтоғай ауданында - 10,5%, Қашыр ауданында - 9,5%.

Облыс тұрғындарының көші-қондағы келеңсіз үрдістері бәсеңсіді. Көші-қондағы теріс сальдо 3,5 есеге кеміді және 2004 жылдың басына 4,5 мың адам болды.

Жұмыссыздардың жыныстық жас құрамы оншалықты өзгерген жоқ. 2004 жылдың басына әсіресе әйелдер (57%) және жастар (27%) талап етілмей отыр. Облыс бойынша әйелдер жұмыссыздығы деңгейі 9,3% болып отыр. Май ауданында (16,9%), Ақсу (15,2%), және Павлодар (11,9%), қалаларында әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі жоғары, Павлодар (0,6%) мен Железин (1,1%) аудандарында - төмен.

2003 жылы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдарға әрбір төртінші жұмыссыз көмек сұрап өтініш жасаған. 9038 азаматқа жұмысқа орналасуда көмек көрсетілді, бұл өтінгендердің 44,4% болып табылады. Экономикалық белсенді тұрғындардың санында тіркелген жұмыссыздар бөлшегі жылдың аяғына 2,2%, ауыл бойынша - 3,0% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыс іздеген 9609 жұмыссыз тіркелген, оның ішінде 5178 адам ауылдық жерлерде тұрады.

Облыс тұрғындарын жұмыспен қамтуға жәрдем беру жөніндегі іс-шараларды жергілікті атқарушы органдары жұмыс берушілермен ынтымақтастық туралы шарттардың негізінде 3047 кәсіпорын және ұйымдармен, оның ішінде 1525 ауылдық жерде қызмет ететіндермен бірлесе отырып жасады. 2003 жылы басталған "Күту парағы" жүйесін енгізу жұмысы жалғасын тапты, бұл жөнінде кәсіпорындардың кадрлық резервтеріне 1894 жұмыссыз (ауыл бойынша - 964 адам) енгізілді, уақыт өткен соң олардан 1643 адам, немесе 86,7% (ауыл бойынша 842 адам - 87,3%) жұмысқа қабылданды.

2004 жылда облыста 6880 тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды (ауылда - 3686 ). Бұдан басқа, қосымша 5905 уақытша және маусымдық жұмыс орындары енгізілді (ауылда - 4828). "Кастинг" ЖШС, "Қазэнергокабель" ААҚ, ПӨФ " Риэлти Инвест" ЖШС, "Павлодарпромстрой" ПҚФ, "Қазқұрылыссервис" АҚ Павлодар филиалы, "Мотив-Болашақ" ЖШС Павлодар қаласы, АФЗ филиалы ТНК "Қазхром" АҚ (Ақсу қаласы), SMS Инженерик ЖШС, "Агренсор" ЖШС, Мак-Екібастұз" ЖШС (Екібастұз қаласы), "Галицкое" ЖШС-те (Успен ауданы) неғұрлым көп жаңа жұмыс орындары ашылды.

Экономиканың тұрақтануынан, өндірістің дамуынан жұмыспен қамту органдарына бос жұмыс орындарын беру саны былтырғы жылдармен салыстырғанда екі есе көбейді.

Мақсатты топтағы әлеуметтік қорғалмаған санаттағы тұрғындарды қолдау мақсатында жұмыс берушілермен ынтымақтасып әлеуметтік жұмыс орындарын құру жұмыстары жалғасты, 2004 жылда оларға 1457 жұмыссыз орналасты, (2003 жылдың деңгейіне 121,2%), оның ішінде ауыл бойынша - 868 адам (118,4%). Павлодар, Екібастұз қалаларында "Жастар практикасы" жаңа бағдарламалары жүзеге асуда, оның мақсаты: оқу орындарын бітірген түлектерге алған мамандықтары бойынша әдістемелік тәжірибе және машық алуға, еңбек нарығында олардың бәсекелестіктерін арттыруға жәрдем беру.

Мақсатты топтағы жұмыссыздарға қоғамдық жұмыстарды ұсыну ауылда 3-тен 6 айға дейін, қалада 6-дан 12 айға дейін, осы жұмысқа қатысқандардың еңбек ақылары жөнінде берешек болдырмау жөнінде шаралар қабылданды. Жылдың басынан 9799 жұмыссыз қоғамдық жұмыстарда уақытша жұмыспен қамтылды, оның ішінде - 4643 адам ауылда.

Еңбек нарығында білікті жұмыс күшінің қажеттілігінің артылуына байланысты жергілікті атқару органдары жұмыссыздарды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруді ұйымдастыруға қаржыны ұлғайтты, бұл оқуға жіберілгендердің санын 34,0% көтеруге мүмкіндік берді, ауылда - 2 есе. өткен мерзімде кәсіптік оқудан 1386 жұмыссыз өтуге мүмкіндік алды, ауылдық тұрғындар арасынан - 679 адам.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдем беру шараларына жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат өткен жылдармен салыстырғанда ұлғайып отыр. Бұл мына кестеде көрсетілген.

*(млн. теңге)*

| N р/с | Атаулары | 2002 жыл | 2003 жыл | 2004 жыл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Қоғамдық жұмыстар | 113,5 | 138,5 | 203,3 |
| 2. | Кәсіптік оқыту | 6,6 | 17,5 | 19,9 |
| 3. | Әлеуметтік жұмыс орындары | | 21,4 | 37,8 |

Сонымен қатар облыстың еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың үйлесімсіздік проблемасы шиеленісуде. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы, құрылыс, көлік және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы сияқты салалар, негізінен, жұмысшы мамандығы бойынша (слесарь, бетоншы, қалаушы, электр жөндеуші, электрмен дәнекерлеуге , жүргізуші, механизатор және басқа кәсіптер) кадрлық қажеттілік туып отырған кезде, қазіргі еңбек нарығымызда негізінен бәсекеге жарамсыз жұмыс күші

ұсынылады. Тіркелген жұмыссыздар құрамында ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан аса) негізгі және орта білімі бар әйелдер үлесі жоғары болып қалуда. Жасы үлкен жұмыссыздар саны өсуде, бұл мына кестеде көрнекті түрде көрсетілген.

| N р/с | Жұмыссыздар құрамы | Тіркелген жұмыссыздардың жалпы санының үлесі, % | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1999 | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Әйелдер | 62,1 | 58,8 | 55,6 | 72,0 | 65,6 |
| 2. | Ұзақ уақыт жұмыс істемеген тұлғалар (бір жылдан аса) | 23,5 | 31,7 | 59,5 | 57,5 | 65,7 |
| 3. | Негізгі және орта білімі бар тұлғалар | 51,4 | 51,2 | 64,7 | 59,2 | 58,5 |
| 4. | Біліктілігі жоқ жұмыскерлер | | | 33,9 | 33,4 | 37,8 |
| 5. | 50 жастан асқандар | 18,8 | 28,7 | 12,2 | 20,1 | 19,5 |

Бекітілген квотаға сәйкес 2004 жылы облыста кем дегенде 72 шет ел жұмысшы мен маманы тартылатын болады.

Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментінде шет ел жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссия жұмыс істейді. 2004 жылдың қорытындысы бойынша облыс аумағында қызмет ететін шет ел азаматтарының саны 66 адам болып табылады, оның ішінде 39-ы басшылар. Шет ел мамандарын тартатын 24 кәсіпорындардың берілген рұқсаттама талаптарына сәйкес қазақстандық азаматтар үшін 389 жұмыс орны құрылды.

Облыстағы кәсіптік білім беру жағдайын талдау.

Облыста білім беру қызметін 70 кәсіптік білім беру оқу орындары жүргізеді, оның ішінде 10 жоғары оқу орыны, 33 колледж және 27 кәсіптік мектеп ( лицейлер), олардың 43 оқу орны мемлекеттік, 27 - мемлекеттік емес болып табылады. 1999 жылмен салыстырғанда кәсіптік білім беретін оқу орындарының желісі 18 мекемеге ұлғайды: 6 жоғары оқу орны, 9 колледж және 3 кәсіптік лицей .

2003 жылы облысымыздың 8 жоғары оқу орнында 6519 маман даярлауға мемлекеттік тапсырыс орналасқан, 1411 орта буындағы мамандар - 15 колледжде , 3150 жұмыскер - 27 кәсіптік мектеп пен лицейде. 485 колледж бен 575 - кәсіптік мектептер мен лицейлерде оқушылары мемлекеттік тілде оқу мүмкіндігін алды.

2004 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша облыстық бюджеттен оқушы

қабылдау жоспары 3970 құрады, оның ішінен кәсіптік мектептер (лицейлерде) - 3150 адам, 820 - колледждерде. Колледждерге оқушыларды қабылдау бюджеттік қаражат жетіспегендіктен 262 адамға кеміді.

**Облыстың орта және бастапқы кәсіптік білім беру оқу орындарында мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру**

*Кесте (қағаздағы үлгіден қараңыз).*

Үзбей кәсіптік білім беру жүйесі шеңберінде мына оқу орындары жұмыс і с т е й д і :

N 8 кәсіптік мектебі, бизнес-колледжі және басқару мен бизнес ақпараттық технологиялар институты;

N 7 кәсіптік лицей және политехникалық колледж;

базалық музыка мектебі және музыкалық колледж;

технологиялық колледждің мектеп-интернаты және технологиялық колледж;

N 1 кәсіптік лицей және технология мен дизайн колледжі;

N 15 кәсіптік лицей және мейрамханалық және қонақ үй сервисі колледжі;

С. Торайғыров атындағы ПМУ коледжі, ПАУ, академик Сатпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты, Алматы экономика және статистика академиясы Павлодар институтының бизнес-колледжі.

Екібастұз қаласының N 18 кәсіптік мектебі Ы. Алтынсарин атындағы қазақ академиясы кәсіптік білім беру институтының эксперименталдық алаңы шегінде инновациялық тәртіптемеде жұмыс істейді.

Орта және бастапқы кәсіптік білім беру оқу орындарында оқитындардың орташа жылдық адам құрамы 2003-2004 оқу жылында былтырғы жылмен салыстырғанда 18,2% өсіп және 29,4 мың адамды құрды, жоғары оқу орындарында - 12,6% (26,1 мың адам).

Аграрлық секторға 9 кәсіптік мектеп мен лицей және 2 колледж - "Красноармейкалық аграрлы-техникалық колледжі" МҚКК және "Технологиялық колледжі" МҚКК - кадрлар даярлануда. 22 мамандық бойынша мамандар даярлайды. Жұмыскерлер мен мамандарды даярлауға бөлінген қаржы, былтырғы жылмен салыстырғанда 29,0% өсіп және 127,0 млн. теңгені құрды.

Облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 21 ақпандағы (II сайланған, (кезектен тыс) XXY сессиясы) N 114/25 шешімімен бекітілген, облыс-тың 2003-2005 жылдарға арналған агроөндірістік Бағдарламасын, облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 10 ақпандағы (III сайланған, III сессиясы) N 1/3 шешімімен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған облыстың ауылдық аймақтарын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде жалпы қажеттілік болжамынан 48,4 %-ға ауылшаруашылық бағыттағы мамандарға деген сұраныс көтеріледі деп күтілуде. Агроөндірістік кешені сұранысын қанағаттандыру мақсатында "Ауылшаруашылық өндірісінің шебері" мамандығы бойынша біліктілігі

тракторист-машинист, фермер және комбайнер ең көп түлектер санын құрайды: 2004 жылы - 270 оқушы; 2005 - 279; 2006 - 310 оқушы шығады.

Шаруа қожалықтарын дамыту үшін фермерлік іс, агрономия, зоотехника, астықты сақтау мен өндіру технологиясы, жерге қоныстандыру, орман және парктік орман шаруашылықтары сияқты мамандықтар бойынша даярлау қайта жандандыруда. Өндіріспен байланыстың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық кәсіптік оқу орындарына 86 шаруа қожалығы, мекемелер мен кәсіпорындар тіркелді.

Түлектерді алдын ала орналастыруды талдау көрсеткендей, орта және бастапқы кәсіптік білім берудің 5977 түлегінен 5021-ы (84,2%) жұмысқа орналасты.

Биохимиялық өндіріс жас мамандары бірінші рет даярланды, 2005 жылы мына кәсіптер бойынша мамандар шығару күтілуде: эколог-зертханашы, шағын бизнес кәсіпкері. Кең профилді станокшылар, өндірістік қондырғыны жөндеу мен қызмет жасау жөніндегі электромонтер даярлау қайта жолға қойылды. Салынып жатқан электролиздік заводына металлург-мамандарын, "Павлодар - Екібастұз" темір жолы электрлендіру учаскесінде жұмыс істеу үшін электровоз машинисі көмекшілерін алдын ала даярлау жүргізіліп жатыр. Музыка және мәдениет, медицина, білім беру, қызмет көрсету, машина жасау, ауыл шаруашылығы, құрылыс салалары, мемлекеттік тілді меңгерген іс-қағаздарын жүргізуші мамандары, өнімді ұқсатудың технологиялық үрдістері бойынша талап етіліп қалуда. Есептеу техникасын бағдарламалық қамтамасыз ету мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыру көрсеткіштері азайды.

Өндірісте оқушылардың кәсіптік практикасын жүйелеу мәселесі үнемі бақылауда болып отыр, оның теориялық тәртіптермен өзара байланыста ұстайтын кезеңдері бірлестігін қамтамасыз етуді болжайды. 269 кәсіпорын мен ұйым базасында олармен жасасқан шарттар негізінде оқушылар практикасы жүргізіледі. Кәсіптік мектептер мен лицейлердің оқу-өндірістік базасы жұмыссыз тұрғындарды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру үшін кеңінен пайдаланылуда. 1999-2003 жылдар бойы жұмыспен қамту органдары кәсіптік білім беру оқу орындарымен шарт бойынша 4438 жұмыссызды оқытты.

Облыстың еңбек нарығындағы:

жұмыс күшінің сұранысынан ұсынысының арту үрдісінің сақталуы, кәсіптік оқу орындарының кейбір мамандықтар бойынша кадрларды артығымен даярлау;

білікті мамандардың еңбек әлуетін жоғалтуы;

кейбір топтағы тұрғындарды (әйелдер, жастар, зейнет алдындағы жастағылар, мүгедектер) жұмысқа орналастыру қиындығы;

аймақтық еңбек нарығының үлкен сараламасы;

әлеуметтік-экономикалық дамудың жиынтық көрсеткіштері бойынша даму

әлуеті төмен елді мекендердегі жұмыссыздықтың жоғары деңгейі;

біліктілікті-кәсіптік құрылымда жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының сәйкес келмеуі;

тұрғындардың құпия (жасырын) жұмыспен қамтылуы;

еңбек нарығына қажетті кейбір мамандықтар бойынша кадрларды даярлау үшін оқыту базасының жоқтығы;

оқытудың жаңа технологияларын енгізу үшін білім беру мекемелерінің оқу және оқу-әдістемелік құралдармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі: оқыту-зертханалық базаның ескіруі, ақпараттық технологияларды білім беру үрдісіне енгізу үшін техникалық құралдардың, қашықтықтық оқытуды ұйымдастырудың болмауы;

кәсіптік білім беру мекемелерінің оқушыларына кейіннен жұмысқа қабылдау мүмкіндігін туғызып, практика ұйымдастыру үшін кәсіпорындармен ұзақ мерзімге шарт жасасу жөніндегі нормативтік құжаттардың болмауы шешуші проблемалар болып табылады.

Облыс тұрғындарын жұмыспен қамту болжамы, кадрларды даярлау 2005-2007 жылдарға облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарындағы білікті жұмыс күшіне жалпы сұраныс 28,5 мың адам, оның ішінде жоғары білімі бар мамандар - 2,2 мың адам, орта кәсіптік білімі бар - 5,4 мың адам, бастапқы кәсіптік білімі бар - 20,9 мың адам болды.

2005-2007 жылдары экономика салалары бойынша кадрлар неғұрлым көп талап етілетін кадрлар мына кестеде көрсетілген.

| N р/с | Экономика салалары | Мамандығы, кәсібі | Саны | Даярлау үшін оқыту базасының болуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Білім беру | | | |
| | | Бастауыш сынып мұғалімі | 76 | "Б.Ахметов атындағы педагогикалық колледж" ММ "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Математика мұғалімі | 60 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Химия және биология мұғалімі | 55 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Тарих және география мұғалімі | 38 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Физика мұғалімі | 38 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Мектепке дейінгі білім беру ұстазы | | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Шет тілдер мұғалімі | 40 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| | | Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі | 38 | "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт" ММ |
| 2. | Құрылыс | | | |
| | | Құрастырушы | 172 | "N 9 кәсіптік лицей" ММ |
| | | Кран (көпір, автомобилдік) машинистері | 267 | "N 31 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Бульдозер, экскаватор машинистері | 344 | "N 17 кәсіптік мектеп" ММ", N 18 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Сылақшы-сыршы | 665 | "N 9 кәсіптік лицей" ММ, "N 31 кәсіптік мектеп" ММ, Екібастұз қаласындағы "N 4 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Тас қалаушы | 433 | "N 9 кәсіптік лицей" ММ, "N 31 кәсіптік мектеп" ММ, Екібастұз қаласындағы "N 4 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Балташы, балташы-бетоншы | 447 | "N 31 кәсіптік мектеп" ММ, Екібастұз қаласындағы "N 4 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Инженер (өндірістік және азаматтық құрылыс) | 73 | "С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" ММ |
| 3. | Ауыл шаруашылығы | | | |
| | | Тракторшы, комбайншы | 2751 | "Качиры ауданындағы N 11 кәсіптік мектеп" ММ, "Ертіс ауданындағы N 21 кәсіптік мектеп" ММ, "Шарбақты ауданындағы N 24 кәсіптік мектеп" ММ, "Успен ауданындағы N 25 кәсіптік мектеп" ММ, "Ақтоғай ауданындағы N 26 кәсіптік мектеп" ММ, "Лебяжі ауданындағы N 28 кәсіптік мектеп" ММ, "Май ауданындағы N 29 кәсіптік мектеп" ММ |
| | | Агроном | 71 | |

| | | |
|---|---|---|
| | | "Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі" МҚКК "С. Торайғыров атындағы Павлодарлық мемлекеттік университеті" ММ |
| Зоотехник | 34 | "Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі" МҚКК |
| Мал дәрігері - техник | 33 | "Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі" МҚКК |
| Мал дәрігері | 31 | "Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі" МҚКК |

Өнеркәсіп кәсіпорындарында "Қазақстан алюминийі" ААҚ (2039), " Еуразиялық энергетикалық корпорациясы" АҚ (1404), "Павлодар мұнай химия зауыты" ЖАҚ (326), "Қазхром ҰАҚ" АҚ филиалы, Ақсу ферроқорытпа зауыты ( 322), "Крантрейд Компаниясы" ЖШС (128) неғұрлым көп сұраныс жоғары білікті мамандар мен жұмыскерлерге болатыны болжануда. Көмір өнеркәсібінде неғұрлым көп сұраныс "Богатырь Аксес Көмір" ЖШС (895) күтілуде.

Салынып жатқан бастапқы алюминий өндіретін электролиз заводының қажеттілігі 1970 адам болады, оның ішінде жоғары білімі бар мамандар - 225 адам (инженер-механиктер, металлургтер, жүйетехниктері), орта және бастапқы кәсіптік білімі барлар 1745 - адам (түсті металдардың техник-технологы, аппаратшы-металлургтер, краншылар, КИП және А слесарлары, жөндеуші-слесарлар, электр-құрастырушылар және басқа мамандар).

Бухгалтер, бухгалтер-аудитор, тігінші, пішуші, референт-хатшы, салық қызметінің маманы, инспектор, кеден қызметінің маманы, заңгер мамандықтары бойынша кадрларды даярлаудың артықшылығы күтіледі. Облыстың оқу орындарында кәсіптік даярлаудың талдауы, облыстың оқу орындарында еңбек нарығында сұраныс болып отырған кейбір мамандықтар бойынша кадрларды жеткіліксіз даярлау немесе даярлау мүлдем жоқ проблемасы барын көрсетеді, оларға: кітапханашы, мал дәрігері, балташы-бетоншы, токарь, фрезеровщик, құрастырушы, аспалы кранының машинисі.

2005-2007 жылдарда экономика салаларында жұмыс орындарын құру.

Облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 19 маусымдағы (II сайланған, XXYII сессиясы) N 134/27 шешімімен бекітілген, облыстың 2010 жылғы мерзімге дейінгі индустриалды стратегиясын, облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған, II сессиясы) N 166/2 шешімімен бекітілген облыстың индустриалды-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын, облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 21 ақпандағы (II сайланған, (кезектен тыс) XXY сессиясы) N 114/25 шешімімен бекітілген облыстың 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық-азық-түлік бағдарламасын, облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 10 ақпандағы (III сайланған, III сессиясы) N 1/3

шешімімен бекітілген облыстың ауылдық аймақтарын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын, облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 25 сәуірдегі (II сайланған, XXYI сессиясы) N 117/26 шешімімен бекітілген облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2005-2007 жылдарда экономикалық қызметтің барлық салаларында 24200 жаңа жұмыс орын құрылатындығын болжауға болады.

Жоспарланған жаңа жұмыс орындарының 50%-нан артығы ауыл шаруашылығында, 30%-нан астамы шағын және орта бизнесте, 20%-ға таяуы өндірістік секторда құрылатындығы күтілуде.

Құрылатын жаңа жұмыс орындарының көбі Павлодар, Екібастұз қалаларында , Баянауыл, Ертіс, Лебяжі, Павлодар аудандарында көзделуде.

Ауыл шаруашылығында жаңа жұмыс орындары негізінен басымды салалардың дамуы есебінен (сүтті, етті малшаруашылығы, семіз қой еті шаруашылығы, табындық жылқы шаруашылығы, шошқа және құс шаруашылығы) құрылатын болады.

Экономиканың өндірістік секторына жататын кәсіпорындар мен ұйымдарда жаңа жұмыс орындары облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 26 желтоқсандағы ( III сайланған, II сессиясы) N 166/2 шешімімен бекітілген облыстың индустриалды-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде номенклатураның кеңеюі мен өндіріс көлемінің ұлғаюы есебінен құрылатын болады.

Қазіргі кезде шағын бизнес экономиканың дамуында шешуші сипат алып отыр, өйткені ол халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешуге, нарықты отандық тауарлар мен қызметтермен толтыруға септігін тигізді, тұрақты бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыруды және ең бастысы - қоғамның негізі ретінде халықтың орта буынын қалыптастырудың көзі болып табылады. Шағын бизнес саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың осы секторындағы оң үрдістерді білдірді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің сапасын және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру негізінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында 2005-2007 жылдары экономиканың барлық салаларында жаңа 8773 жұмыс орыны құрылатын болады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігін арттыру; жалпы аймақтық өнім құрылымында олардың үлесін ұлғайту алдағы жылдары кәсіпкерлікті дамытудың негізгі мақсаты болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін шағын және орта кәсіпкерлікке жоғары білікті кадрлар даярлау мен оқыту практикасы жалғасын табады.

Тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2010 жылы 67 мыңға дейін өседі (2004 жылғы қаңтардың 1-не 52,8). Шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылғандардың саны 114 мың адамға дейін өседі.

Экономиканың перспективтік талаптарына бағдарланған облыста кәсіптік білім беруді дамыту стратегиясы мыналарға бағытталуы тиіс:

ғылым, техника және технологияның қазіргі заманғы даму деңгейіне сәйкес кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету, түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін және олардың кәсіптік жұмылдырылуын арттыру;

жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс мониторингінің жүйесін жетілдіру, кәсіптік білімді кадрларды алдын ала даярлауды ұйымдастыру үшін мәліметтер банкісін бұдан әрі қалыптастыру;

оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру жөніндегі әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту, өзара тиімді шарттық келісім-шарттардың құқықтық базасын жетілдіру;

кейін жұмысқа орналастырумен оқушыларға өндірістік практиканы ұйымдастыру үшін базалық кәсіпорындарды оқу орындарына тіркеу;

облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарының өндірістік практиканы өту мерзімінде оқушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

облыстың кәсіби білім беру жүйесінде мамандықтар бойынша жұмысшы кадрларды даярлау үшін оқу орындарының оқыту-материалдық және өндірістік базаларын құру және нығайту.

2005-2007 жылдарға арналған облыстың еңбек нарығы көрсеткіштерінің болжамы:

24200 жаңа, оның ішінде 13500 тұрақты, 10700 уақытша, маусымдық жұмыс орындары енгізілетін болады;

жұмыспен қамту органдарына 61800 жұмыссыз өтініш береді;

22760 жұмыссыз, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына - 3615 адам жұмысқа орналастырылады;

23890 адам қоғамдық жұмыс орындарына жіберіледі;

3720 жұмыссыз кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін көтеруге жіберілетін болады;

экономикалық сала үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіптік білім беру жүйесінде 6735 жұмыскер мен маман даярланады.

**4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты - облыс тұрғындарының тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күшінің сапасын арттыру.

Облыстың өндірістік-шаруашылық кешенін білікті жұмыскерлер мен мамандар қанағаттандыратын білім ұйымдарында кадрларды даярлаудың икемді

жүйесін құру, кәсіптік бағдар жүйесін қалыптастыру, оқу орындарының түлектері мен жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру, халықтың тиімді жұмыспен қамтылу жүйесін дамыту жұмыс күшінің сапасын арттыруға және облыс экономикасының келешекте дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мыналар:

еңбек нарығында облыс тұрғындарының тиімді жұмыспен қамтылуына, облыс кәсіпорындары мен ұйымдарының экономикалық өсуін ынталандыруға, өмір деңгейін көтеруге және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге жәрдем беруге бағытталған белсенді саясат жүргізу;

еңбек нарығы мониторингісі мен болжамын, еңбек нарығына экономикалық, демографиялық, көші-қондық, әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлардың әсерін жүзеге асыру;

кәсіптік білім беру сапасын арттыру;

оқушылардың кәсіптік бағдарлануын дамыту, еңбек нарығында талап етілген кәсіптер, мамандықтар бойынша олардың еңбек ету уәждемесін арттыру;

кадрларды даярлау жүйесін экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру, өндіріс ішінде оқыту жүйесін дамыту;

жұмыссыз азаматтарға кәсіпті таңдауға және жұмысқа орналастыруға жәрдем беру;

жастар және жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру;

жастар практикасын ұйымдастыру;

тұрғындардың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;

уақытша жұмыспен қамтылу мен қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

құрылып жатқан жаңа жұмыс орындарына кадрларды алдын ала даярлау;

кірісі төмен көптеген отбасыларын жұмыспен қамтамасыз етуге және келешекте аз қамтамасыз етілген отбасылары санын азайтуға мүмкіндік береді шағын кредиттеу жүйесін дамыту;

еңбек нарығының негізгі индикаторларының мониторингісін үнемі жүргізу, сондай-ақ жұмыссыздар проблемаларын шешу тұрғысынан жергілікті атқарушы органдарының жұмысына баға беру;

еңбек көші-қонын реттеу жолымен жұмыс күшінің жұмылдырылуын қамтамасыз ету;

облыс тұрғындарын жұмыспен қамтуға жәрдем беру жөніндегі белсенді бағдарламаларды іске асыру мақсатында еңбек нарығындағы әлеуметтік әріптестікті жандандыру Бағдарламаның негізгі міндеттері болып табылады.

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі

Мыналар:

облыстың орташа мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ғылыми зерттеу (жұмыс күшін, өндірістік кәсіпорындар, ауылдық еңбек нарығын зерттеу және басқа да іс-шаралар);

жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының аймақтық мәліметтер банкісін қалыптастыру;

аймақтық-салалық аспектіде жұмыс орындары мен жұмыс күшінің жылжуын көрсететін облыстың орташа мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдық көрсеткіштерін әзірлеу;

әзірленіп жатқан аймақтық және салалық бағдарламаларда жаңа жұмыс орындарын құру жөнінде бөлімдерінің болуын және осы бағдарламалардың іске асырудың аймақтық еңбек нарығы жағдайына ықпал етуін қамтамасыз ету;

жұмыс берушілердің жұмыспен қамту органдарына ұсынатын вакансиялар мен бос жұмыс орындары банкісін кеңейту;

жұмыспен қамтуға жәрдем берудің белсенді бағдарламаларын жүзеге асырудың, жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы теңгерімділігінің деңгейі нәтижелерінің мониторингісін жүргізу;

білім беру түрлерінің барлығында материалдық-техникалық және әдістемелік базаны арттыру;

кадрларды даярлау жүйесін облыстағы экономика талаптарына сәйкес келтіру ;

облыста инновациялық қызметті дамыту үшін қажетті кең терең білімді, ынталы, тез өзгеретін еңбек нарығы талаптарына ыңғайлану қабілеті бар мамандарды мамандық бойынша даярлау;

жұмыс берушілермен серіктестік негізінде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін құру;

облыста қажет етілген кадрларды даярлау үшін жұмыс істеп тұрған оқу орындарын қайта профилдеу немесе жаңадан құру;

жұмысшы кадрлар мен мамандар даярлаудың және оларды жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оқу орындарының рөлін арттыру;

кәсіптік бағдар, жұмыс іздеу тәсілдері, кәсіптік кеңес беру бойынша семинарлар жүргізу;

жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларының атаулылығын (мақсатты бағытын) енгізу;

аймақтарда іске асырылып жатқан белсенді бағдарламаларын үйлестіру, оң тәжірибелер енгізу;

еңбек нарығындағы шиеленісті болдырмауға бағдарланған, әсіресе жұмысқа

орналасуда қиындық көретін тұрғындар тобына - жастар, әйелдер, жұмысқа қабілеттіктері шектелген тұлғалар, үлкен жастағы тұлғалар, қысқартылған жұмыскерлер және басқа санаттағы тұлғаларды бағдарланған шараларды әзірлеу және енгізу;

кәсіпкерлік бастаманы коммерциялық, сондай гранттық негіздерде шағын кредиттеу жүйесін енгізу;

шағын кәсіпкерліктің салалық құрылымын дамытуды және бастапқы капиталды қаржыландыру арқылы болашақ қайта өңдеу өндірістерін дамытуды ынталандыру;

шағын бизнес үшін кадрларды оқыту, оның ішінде жұмыспен қамту органдары арқылы;

жұмыссыздарды және жұмыс берушілерді қоса алғанда, халыққа қызмет көрсетудің инновациялық технологиясын енгізу;

